Тексерілді:
«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері А.Адилова

**Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы**
**«Балдырған» ортаңғы топ Қазаң айы (4-апта)**

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»
Тақырыпша «Мамандықтың бәрі жақсы»
Апта күні :25.10-29.10.21ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Мақсаты:**балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру<br>**Міндеттері:**<br>- өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру;<br>- балалардың отбасы құндылықтары деген сүйіспеншілігін ояту,<br>- отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу | Ата-аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу, күн тәртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-анаға кенес беру. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | Саусақтар ойыны «Жаңғақтар» | «Не қайда жатыр?» | Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын» | Суретпен әңгіме: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» | «Қуыршақты оятпа» Мақсаты: Ақырын дауысты қолдана білуді дамыту. |
| Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | №1-ші таңертеңгі жаттығу кешені | | | | |
| Таңғы ас | Қасықты дұрыс ұстай білуге үйрету. Тамақтануға деген қызығушылықты қалыптастыру. Тамақты тауысып жеуге үйрету | | | | |
| Ұйымдастырыл ған оқу қызметіне дайындық | Д/о: Не қайда орналасқан Мақсаты: Кеңістікте бағдарлай алуға үйрету. | Саусақ ойыны «Бақшадағы қызанақ пен қияр» Мақсаты: бақша туралы түсінік бере отырып қызанақ пен қияр көкөніс екенін ажырата білуге | Жомарт күз" Суретпен жұмыс. Мақсаты: сурет бойынша әңгіме құрай білуге үйрету. | Д/о: Сана Мақсаты: сандарды қайталау, жылдам әрі дұрыс санауға дағдыландыру. | Д/о: Не қайда орналасқан Мақсаты: Кеңістікте бағдарлай алуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ | **1. Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>«Күзгі жапырақтар» Г. Абдрахманова<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br><br>«Көкөністерден көже жасау» (дид.ойын) | **1. Орыс тілі**<br>**Тақырыбы:**<br>«Безапасность дома и на улице»<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Кияр. Қызанақ» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Кәнеки, аңдар, бізге құлақ салыңдар!» (таза ауада)<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>«Тәулік бөліктері»<br>**Мақсаты:** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Тиін балаларға қонаққа келді»<br><br>**2.Сурет**<br>**Тақырыбы**:<br>«Тәрелкедегі қияр мен қызанақ.» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Біз саяхаттап жүрміз»<br><br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>«Күз келді» |
| Серуенге дайындық | Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру | | | | |
| Серуен | **№16**<br>**Бақылау :**<br>Кемпірқосақты бақылау .<br>Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда | **№17**<br>**Бақылау:** Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру.<br>**Еңбек**: Гүл тұқымдарын жинау.<br>**Мақсаты:** Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан | **№18**<br>**Бақылау:**<br>Көгершінді бақылау.<br>Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Еңбек:Ауладағы құстарға жем беру. | **№19**<br>**Бақылау:** Күзгі көріністі бақылау.<br>Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.<br>Еңбек: Ойын алаңы.<br>Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын | **№20**<br>**Бақылау:** Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау.<br>Мақсаты: Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру.<br>Еңбек: Біздің ауламыз.<br>Мақсаты: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: «Күзгі киім».<br>Мақсаты: Күзгі киім атауларын үш тілде үйрету.<br>Қимылдық ойын: « Күн мен түн».<br>Мақсаты: Балаларды әр түрлі қимыл-қозғалсын дамыту, шапшаңдыққа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әшкейлен ген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру.<br>Түстерін ажыратып айту.<br>Еңбек: Біздің аула<br>Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу.<br>Жеке жұмыс: Жұмбақ:<br>Алдым да әр түрінен жібек жіптің ,<br>Аспанға әшекейлеп<br>Кесте | гүл өсетіндігін түсіндіру.<br>**Жеке жұмыс:** Сипап өткен самалға,<br>Тербеледі сары алма.<br>Көз салып едім бақшаға,<br>Қауын біткен сары ала.<br>**Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністер».**<br>**Мақсаты:** Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру.<br>**Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық»**<br>**Мақсаты:** Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылдық ойын:** . «Доппен ұрып алу».<br>**Ойын барысы:**Балалар дөңгеленіп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да , допты береді. «Бір, екі , үш» дегенде балалар жан- жаққа қашады. Жүргізуші доппен ұрады.Кімге тисе сол ойыннан шығады:Ойын осылай жалғасады.<br>**Еркін ойын:**<br>• «Қуыршақты | Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс:<br>Жылы жаққа ұшпайтын<br>Біздің жақта қыстайтын<br>Құстар жүрсе жуықта,<br>Жем шашуды ұмытпа!<br>Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу.<br>Ойын: «Шымшық доп».<br>Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Қимылдық ойын: «Ұстаушы, лентаны ал».<br>Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа , тапқырлыққа , жылдам шешім | жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету.<br>Жеке жұмыс: «Күз» өлеңі.<br>Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Көрінеді шалғайдан,<br>Бел-белестер сарғайған.<br>Сары жапырақтар төгілген,<br>Тоғайды да көрдім мен.<br>Қимылдық ойын: «Қашпа, доп».<br>Мақсаты: Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға , ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.<br>Қимылдық ойын: «Жүгіріп өтуге үлгер».<br>Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың біреуімен жіптің екі ұшын (ұзындығы 3-4м.) ұстап, оны жүгіріп келе жатқан балалардың бағытына қарай жайлап айналдырады.Балалар бірінен соң бірі, жіп | ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Қимылдық ойын: « Ортасына дейін кім бұрын жетеді?».<br>Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа , ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы: Екі қысқа жұмыр таяқ алынады. Ұзындығы 8 м жіпті екі шынан байлайды.Оның қақ ортасына лентемен байлап белгілейді. Балалар таяқтарды алады да, бір-бірінен алшақтап, екі жаққа қарай жіпті таяққа орап, екі қолдарымен таяқты айналдыра бастайды да , алға қарай жылжиды. Жіпті лентаға дейін кім бұрын ораса , сол жеңген болып есептеледі.<br>Тренинг: «Бір шаңырақ астында». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тіктім.<br><br>(Кемпірқосақ)<br><br>Мақсаты: Түстерді ажырата білу. Балалардың ой – өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру.<br>Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық».<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.<br>Қимылдық ойын: . «Қимақ».<br>Ойын барысы: Бұл | киіндіреміз».<br>• «Отбасы»<br>**Тренинг: «Біз көңілді балалар».** | қабылдауға үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады, ұстаушыны таңдап алады.Ұстаушыдан басқасы түсті матаның немесе лентаның қиындысын алады да, оны мойынынан айқара айналдыра байлайды.<br>Ұстаушы шеңбердің ортасында тұрады.Тәрбиешінің «Жүгір» деген сигналы бойынша балалар бет-бетімен алаңға кетеді.Ұстаушы ойнаушылардың соңынан жүгіріп, біреуінің лентасын суырып алуға тырысады.Лентасынан айрылғандар уақытша бір жаққа шығып тұрады.Тәрбиешінің: «Бір, екі, үш, тездете шеңберге жүгір!» деген сигналы бойынша балалар шеңбер құрып тұрады. Ұстаушышы | жоғары көтерілген кезде жіптің астынан жүгіріп өтуге үлгеруі қажет.<br>Тәрбиеші балалар қимылын реттеп отырады.Ол әрбір жүргізушіге:<br>«Жүгір!» деген сигнал береді.Әрі қарай жіптің өтуге тырысулары қажет.<br>Дербес ойындар:<br>• Қуаласпақ<br>• Қояндар секіреді.<br>Тренинг: «Қолшатыр». | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, «осы ойыншықтан барда қалағанынды қиып ал»,- дейді.Ойыншы | | алынған ленталардың санын есептеп, оны балаларға қайтып береді.Ойывн жаңадан ұстаушы тағайындаудан басталып , қайталанады. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қиып алған ойыншығын алады.Егер бірінші рет қия алмаса , екінші рет әрекеттенуге болмайды. Дербес ойындар: 1.Әткеншек тебу. 2.Ирек жолмен жүру. | | | | |
| Серуеннен оралу | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . | | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ұйқыға жактқызу. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Ертегі оқып беру | Ұйқы ашар жаттығу №2 картатека | Аудио ертегілер тыңдау | Ұйқы ашар жаттығу №3картатека | Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдау |
| Бесін ас | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, дербес әрекет | **Үстел үсті театры «Мозайка»** Тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | **« Жұбын тап»** **Мақсаты:** геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері. Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттін жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру | **«Қандай пішін шықты?»** **Мақсаты:** Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу. Көрнекілік: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары Барысы: Тәрбиеші балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады. | **«Қандай пішін жетіспейді?»** **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер. (Қораптан алу) Барысы: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздеріңді жұмыңдар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады. | **«Қай қолымда көп»** **Ойынның мақсаты:** аз және көп заттарды ажиратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар–моншақтар, түймелер Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала алдымен көз мөлшерімен қай қолда зат көп, қай қолында аз зат бар екенін анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады. |
| Баланың жеке даму картасына сәйкеғс жеке жұмыс | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.** «Күз»(сурет қарастыру) **Мақсаты**: сұрақтарға жауап беруге үйрету | **Әңгіме құрастыру** «Жомарт күз туралы» **Мақсаты:**баланың сөздік қорын дамыту,өздері жайлы айту | **Дидактикалық ойын «Дәрігер №13»** **Мақсаты:** Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. | **Жомарт күз туралы әңгімелесу** **Мақсаты:** сұрақтарға жауап беруге үйрету. | **Дидактикалық ойын** «Қай жерде шырылдады» **Мақсаты:**Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау |
| Серуенге дайындық | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу | | | | |
| Серуеннен оралу | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру | | | | |

| | |
|---|---|
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Балаларды ауа-райына сай киіндіру». |